20077536338

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 26 маусым № 4360-23-00-2/1134 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Арал ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Төрегелдиев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Еркебұлан Берікұлы Төрегелдиев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Арал ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Төрегелдиев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Еркебұлан Берікұлы Төрегелдиевке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Төрегелдиев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Еркебұлан Берікұлы Төрегелдиев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Төрегелдиев» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Еркебұлан Берікұлы Төрегелдиевтен мемлекет кірісіне 7 185 (жеті мың бір жүз сексен бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 941 (бір мың тоғыз жүз қырық бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.08.2023, судья Әбілқайысқызы А., 11.08.2023

4360-23-3-1/1234